

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Шағын және орта бизнес мәселелері жөніндегі комиссияны құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 7 тамыз N 883. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.21. N 697 (алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Президенттің "Ішкі және сыртқы саясаттың 2003 жылғы негізгі бағыттары туралы" Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1-қосымшаға сәйкес құрамда Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Шағын және орта бизнес мәселелері жөніндегі комиссия құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Шағын және орта бизнес мәселелері жөніндегі комиссия туралы ереже бекітілсін.

3. Облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының әкімдері бір ай мерзімде шағын және орта бизнес мәселелері жөніндегі комиссияларды құрсын.

4. 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 7 тамыздағы

N 883 қаулысына

1-қосымша

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы
Шағын және орта бизнес мәселелері жөніндегі
комиссияның құрамы**

Ескерту. Құрамға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.01.24. N 87 қаулысымен , 2003.03.21. N 285 қаулысымен , 2003.11.10. N 1120 қаулысымен , 2005.04.08. N 321 қаулысымен .

Мыңбаев

- Қазақстан Республикасы Премьер-

Сауат Мұхаметбайұлы

Министрінің орынбасары - Қазақстан

Республикасының Индустрия және сауда

министрі, төраға

Кравченко Иван Михайлович орынбасары	- Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда бірінші вице-министрі, төрағаның
Дәрібаев Мұрат Аманкелдіұлы департаментінің директоры	- Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Кәсіпкерлікті дамыту
Өзбеков Ғани Нұрмаханбетұлы Исаев Батырхан Арысбекұлы вице-министрі	- Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау
Нәубетова Рашида Аронқызы	- Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия хатшылығының сектор меңгерушісі (келісім бойынша)
Абт Николай Викторович бойынша)	- Қарағанды облысы кәсіпкерлері қауымдастығының президенті (келісім
Бекқожиева Әлия Байжанқызы (келісім бойынша)	- Атырау облысы кәсіпкерлері қауымдастығының президенті
Дүйсембаев Бақытриза Құлықбайұлы Казанцев Павел Олегович (келісім бойынша)	- Павлодар облыстық "Бизнес" қауымдастығының президенті - Астана қаласы кәсіпкерлер құқықтарын қорғау жөніндегі қауымдастығының президенті
Құрманғазин Есмұқан Ақнаурызұлы Ақтөбе облысы (келісім бойынша)	- "Көкжар" агроөнеркәсіптік тауар- шикізат биржасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің президенті,
Махмұтова Шолпан Жұматайқызы директоры (келісім бойынша)	- Батыс Қазақстан облыстық "Шағын бизнес орталығы" қауымдастығының
Райымов Ерлан Қаниұлы (келісім бойынша)	- Қызылорда облысы кәсіпкерлері қауымдастығының президенті

Ямбаев - Алматы қаласы кәсіпкерлері
Виктор Вениаминович қауымдастығының вице-президенті
(келісім бойынша)

Рақышев - Қазақстан Республикасы Сауда-өнеркәсіп
Хамит Қошанұлы палаталары одағының президенті (келісім
бойынша)

Лавриненко - Қазақстан Республикасының
Юрий Иванович Көлік және коммуникациялар бірінші
вице-министрі

Асанов - Қазақстан Республикасының
Жақып Қажманұлы Әділет вице-министрі

Баталов - Қазақстан кәсіпкерлері форумы
Райымбек Әнуарұлы кеңесінің төрағасы (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 7 тамыздағы
N 883 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы
Шағын және орта бизнес мәселелері жөніндегі комиссия
туралы ереже**

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Шағын және орта бизнес мәселелері жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңес органы болып табылады және Президенттің "Ішкі және сыртқы саясаттың 2003 жылғы негізгі бағыттары туралы" Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында құрылды.

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің кесімдерін, Қазақстан Республикасының шағын және орта бизнес саласындағы қызметті реттейтін өзге де нормативтік құқықтық кесімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

2. Комиссияның негізгі міндеттері мен функциялары

3. Комиссияның негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жүзеге асырылуына жәрдемдесу;

2) тиісті мемлекеттік органдар үшін салық ауыртпалығын азайту мәселелері жөнінде ұсынымдар әзірлеу;

3) меншікті және активтерді жария ету мәселелері жөнінде ұсыныстар енгізу;

4) кредит ресурстарына қол жеткізуді жеңілдету жөніндегі іс-шараларды жүргізу жөнінде ұсынымдар даярлау;

5) әкімшілік рәсімдер мен рұқсаттарды оңайлату мәселелері жөніндегі ұсыныстарды әзірлеуге қатысу;

6) шағын және орта бизнесті қолдау аймақтық орталықтарын ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар жөнінде ұсынымдар әзірлеу;

7) ауылда шағын және орта бизнесті дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

8) Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары үшін шағын және орта бизнес мәселелері жөнінде ұсынымдар әзірлеу;

9) кәсіпкерлердің қоғамдық ұйымдарының сындарлы бастамаларын қолдау, әрбір кәсіпкердің экономикалық дамыған мемлекетті құрудағы және республика азаматтарының әл-ауқатын арттырудағы белсенді өміршең ұстанымын насихаттау;

10) Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың кәсіпкерлік қызмет мәселелері жөніндегі қаулылары мен өзге де нормативтік құқықтық кесімдерінің жобаларын бастамашылықпен даярлау және қоғамдық сараптау;

11) шағын және орта бизнесті қолдау мен қорғау жөніндегі мақсатты бағдарламалар мен жобаларды әзірлеуге, үйлестіруге және іске асыруға жәрдемдесу;

12) жергілікті атқарушы органдардың жанындағы Шағын және орта бизнесті дамыту жөніндегі комиссиялардың қызметін үйлестіру.

4. Комиссияның оған жүктелген міндеттерге сәйкес негізгі функциялары мыналар болып табылады:

1) шағын және орта бизнесті дамыту мен қолдаудың мемлекеттік, аймақтық және салалық бағдарламаларын әзірлеуге, үйлестіру мен іске асыруды қамтамасыз етуге қатысу;

2) аймақтардың өзекті әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешуге бағытталған бағдарламаларды іске асыруға шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін, олардың бірлестіктерін, одақтары мен қауымдастықтарын тарта отырып, оларды әзірлеуге қатысу;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен шағын және орта бизнестің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын бастамашылықпен даярлауды және сараптауды жүзеге асыру;

4) Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімдерінің жобаларын даярлау мен шағын және орта кәсіпорындарға, кәсіпкерлердің одақтарына, бірлестіктеріне, қауымдастықтарына ұйымдастыру, қаржылық, материалдық-техникалық көмек көрсету жөніндегі іс-шараларды әзірлеу үшін заңнамада белгіленген тәртіппен шағын және орта бизнес өкілдерін тарту;

5) үкіметтік шешімдердің жобаларын даярлау кезінде заңнамада белгіленген тәртіппен кәсіпкерлердің пікірлерін ескеру;

6) шағын және орта бизнестің салалық, кәсіптік және аумақтық одақтарымен, қауымдастықтарымен және бірлестіктерімен, басқа да кәсіпкерлік құрылымдармен өзара іс-қимыл жасасу;

7) шағын және орта бизнес саласында келісілген шешімдер шығару және мемлекеттік саясатты жетілдіру үшін уәкілетті мемлекеттік органмен, сондай-ақ шағын және орта бизнесті қолдауды жүзеге асыратын басқа да мемлекеттік органдармен тұрақты өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

8) тиісті мемлекеттік органдар, кәсіпкерлердің қоғамдық ұйымдары өкілдерінің, сондай-ақ кәсіпкерлердің өздерінің қатысуымен тақырыптық отырыстар өткізу;

9) заңнамада белгіленген тәртіппен кәсіпкерлердің мүдделерін білдіру және заңды құқықтарын қорғау;

10) заңнамада белгіленген тәртіппен Комиссияда жұмыс жасау үшін ғалымдардың, беделді кәсіпкерлердің, басқару органдары өкілдерінің және басқа да мамандардың ішінен сарапшылар мен консультанттарды тарту;

11) белгіленген тәртіппен орталық және жергілікті атқарушы органдардан қажетті ақпараттық, талдау, анықтамалық-статистикалық материалдарды, сондай-ақ ведомстволық нормативтік құқықтық кесімдерді алу;

12) "Шағын бизнес саласындағы жылдың үздік кәсіпкерлері" республикалық конкурсының жеңімпаздарын іріктеуді жүргізу. <*>

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.11.10. N 1120 қаулысымен .

3. Комиссияның қызметін ұйымдастыру

5. Комиссияны төраға - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары басқарады.

6 . < * >

Ескерту. 6-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2003.01.24. N 87 қаулысымен .

7. Комиссияның жұмыс органының функциялары Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне жүктеледі.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.01.24. N 87 қаулысымен , 2005.04.08. N 321 қаулысымен .

8. Комиссияның жұмыс органы:

- 1) Комиссия отырысының күн тәртібін қалыптастырады;
- 2) Комиссия шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді және бақылайды;
- 3) Комиссия мүшелерінің және оның қызметіне тартылған мамандардың жұмысын үйлестіреді.

9. Комиссияның отырыстарында қарау үшін мәселелер тізбесі қажеттігіне қарай жасалады және оны төраға бекітеді.

10. Бекітілген тізбе Комиссия мүшелеріне тізім бойынша таратылады.

11. Комиссия отырыстарының нәтижелері бойынша хаттама жасалады, оған төраға қол қояды. Комиссияның шешімдері ашық дауыс беру жолымен жай көпшілік дауыспен қабылданады және Комиссия мүшелерінің жалпы санынан көпшілік дауыс берілсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда, төраға дауыс берген шешім қабылданған болып есептеледі.

12. Комиссияның шешімдері ұсынымдық сипатқа ие.

13. Комиссия мүшелері ерекше пікір білдіруге құқылы, ол білдірілген жағдайда, жазбаша түрде баяндалуға және Комиссия отырысының хаттамасына қоса берілуге тиіс.

14. Комиссияның отырыстары қажеттігіне қарай, бірақ тоқсанына бір реттен сирек емес жүргізіледі және оларды төраға шақырады. Шұғыл шешім қабылдау қажет жағдайларда, төрағаның шақыруымен Комиссияның кезектен тыс отырысы өткізілуі мүмкін.

15. Төрағаның шақыруы бойынша Комиссияның отырыстарында сондай-ақ мүдделі мемлекеттік органдардың басшылары және басқа да лауазымды тұлғалары, өтініштері қаралатын кәсіпкерлер мен олардың қоғамдық ұйымдарының өкілдері қатысуы мүмкін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 2 ж ы л ғ ы 7 т а м ы з д а ғ ы

№ 8 8 3 қ а у л ы с ы н а

2-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 6 шілдедегі N 935 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж . , N 3 4 , 2 9 8 - қ ұ ж а т) .

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 6 шілдедегі N 935 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000

жылғы 15 ақпандағы N 252 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 7, 93 - құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 6 шілдедегі N 935 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 наурыздағы N 355 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 11, 118 - құжат).

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 6 шілдедегі N 935 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 тамыздағы N 1116 қаулысы.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 6 шілдедегі N 935 және 1999 жылғы 12 қарашадағы N 1691 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 желтоқсандағы N 1654 қаулысы 1-тармағының 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 47, 558 - құжат).

6. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 6 шілдедегі N 935 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 1 ақпандағы N 153 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 6, 48-құжат).